

## Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының 2006 жылғы 1 шілдеден бастап жаңа жұмыс істеу жүйесіне көшуі жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 наурыздағы N 177 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 1 қыркүйектегі N 1641 Жарлығымен мақұлданған Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастырудың және пайдаланудың орта мерзімді перспективаға арналған тұжырымдамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының 2006 жылғы 1 шілдеден бастап жаңа жұмыс істеу жүйесіне көшуін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының 2006 жылғы 1 шілдеден бастап жаңа жұмыс істеу жүйесіне көшуі жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша):

1) Жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) 2006 жылғы 18 наурызға және 10 маусымға Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне Жоспардың орындалуы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі 2006 жылғы 20 наурызға және 20 маусымға Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың орындалуы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2006 жылғы 17 наурыздағы  
N 177 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының 2006 жылғы  
1 шілдеден бастап жаңа жұмыс істеу жүйесіне көшуі  
жөніндегі іс-шаралар жоспары**

Р / с N	Іс-шара	Аяқталу нысаны	Орындалуына жауапты	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5

1. Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерін әзірлеу	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасын жетілдіру бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Э Б Ж М (жинақтау), Қаржымині	2006 жылғы наурыз, сәуір
2	"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы"» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	ҰБ (келісім бойынша), Қаржымині, ЭБЖМ	2006 жылғы сәуір
3	"2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	ЭБЖМ	2006 жылғы II тоқсан
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастырудың және пайдаланудың орта мерзімді перспективаға арналған жаңа тұжырымдамасына 2006 жылғы 1 шілдеден бастап көшуін қамтамасыз ету үшін қажетті заңға тәуелді нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сыртқы басқарушыларды таңдау тәртібін регламенттеу	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулысының жобасы	ҰБ (келісім бойынша) (жинақтау), Қаржымині	2006 жылғы II тоқсан
	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түскен түсімдер бойынша шетелдік валютада шоттарды жүргізуді қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды	Қазақстан Республикасының		

5	орындау, оның ішінде Қаржымині Қазынашылық комитетінің орталық аппаратына қосымша бірлік беруді негіздеу, Қаржымині Қазынашылық комитетінің және Қаржымині Салық комитетінің ақпараттық жүйесін пысықтау үшін қажетті қаражат көлемін бағалау	Үкіметіне ақпарат. Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы	Қаржымині	2006 жылғы сәуір-мамыр
6	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулысының жобасы	ҰБ (келісім бойынша) (жинақтау), Қаржымині	2006 жылғы маусым
7	"Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару туралы шарт туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 18 мамырдағы N 655 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы	ҰБ (келісім бойынша) (жинақтау), Қаржымині, ЭБЖМ	2006 жылғы мамыр
8	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ақшасын айырбастау және қайта айырбастау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру ережесінің жобасын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасы қаулысының жобасы	ҰБ (келісім бойынша) (жинақтау), Қаржымині	2006 жылғы мамыр
9	"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған орта мерзімді фискалдық саясаты туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 27 мамырдағы N 523 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы	ЭБЖМ	2006 жылғы II тоқсан
10	"Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 ақпандағы N 110 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы	Қаржымині (жинақтау), ЭБЖМ, ҰБ (келісім бойынша)	2006 жылғы II тоқсан

11	<p>"Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006-2008 жылдарға арналған (екінші кезең) орта мерзімді жоспары туралы"»Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 тамыздағы N 884 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу</p>	<p>Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы</p>	<p>Э Б Ж М (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар</p>	<p>2006 жылғы II тоқсан</p>
12	<p>"2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N 1228 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу</p>	<p>Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы</p>	<p>Э Б Ж М (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар</p>	<p>2006 жылғы II тоқсан</p>
13	<p>Мына мемлекеттік органдардың: ЭМРМ-нің - есепті жыл үшін және болжамды кезеңдерге мұнай және газ конденсатын өндіру бойынша; Қаржымині Салық комитетінің - салық түсімдері, біржолғы (жоспарланбаған) төлемдер сомалары бойынша; Қаржымині Кедендік бақылау комитетінің - экспортталатын мұнай және газ конденсатының көлемдері, құны мен бағасы бойынша; СА-ның - шикі мұнай мен газ конденсатын (ішкі) өндіруші кәсіпорындардың орташа бағасы бойынша тізбемен бекітілген мұнай секторы ұйымдарының ай сайынғы негізде ЭБЖМ-ге ақпарат ұсынуын көздейтін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына мұнай секторының орта мерзімді перспективаға және алдағы кезеңге арналған кірістер түсімдерінің көлемін болжау үшін ақпарат алуды қамтамасыз ету</p>	<p>Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы</p>	<p>Э Б Ж М (жинақтау), ЭМРМ, Қаржымині, СА, АБА</p>	<p>2006 жылғы II тоқсан</p>

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастырудың және пайдаланудың орта мерзімді перспективаға арналған жаңа тұжырымдамасына 2006 жылғы 1 шілдеден бастап көшуін қамтамасыз ету үшін қажетті ұйымдастыру іс-шараларын өткізу

14	Экономиканың мұнай және мұнай емес секторларына бөле отырып, ЖІӨ-нің 2000 - 2004 жылдардағы есепті базасын және ЖІӨ-нің 2005 жылғы жедел көрсеткіштерін алдыңғы жылғы бағаға және ағымдағы бағаға қайта есептеуді қамтамасыз ету	Есепті база	СА	2006 жылғы наурыз
15	Мұнай және мұнай емес сектордан түсетін түсімдердің 2006-2008 жылдарға арналған болжамды сомаларын айқындау	Республикалық бюджет комиссиясының шешімі	ЭБЖМ	2006 жылғы наурыз
16	Республикалық бюджеттің 2006-2008 жылдарға арналған ағымдағы бюджеттік бағдарламалары және бюджеттік даму бағдарламалары бойынша болжамды шығыстар көлемін айқындау	Республикалық бюджет	ЭБЖМ	2006 жылғы наурыз
17	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2006-2008 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферттер көлемін айқындау	Республикалық бюджет комиссиясының шешімі	Э Б Ж М (жинақтау), Қаржымині	2006 жылғы наурыз
18	Қазақстан Республикасының 2006-2009 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының макроэкономикалық болжамын әзірлеу	Макроэкономикалық көрсеткіштер болжамы	ЭБЖМ	2006 жылғы сәуір

Е с к е р т п е :

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі  
ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау  
м и н и с т р л і г і

ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар  
м и н и с т р л і г і

ҰБ - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі  
ҚҚА - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және  
қ а д а ғ а л а у а г е н т т і г і

АБА - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі

СА - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК